

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 шілде N 1144. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.16. N 988 қаулысымен. ~P990988

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына P950656_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 194-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілген төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың тізбесі мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Ақмолаауылшармаш" АҚ, Ақмола облысы".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оңалту мен қаржылық сауықтыру рәсімдерін жүргізуі үшін "Ақмолаауылшармаш" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын берсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі